

Объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 17 наурыздағы № 281 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 22 сәуірде № 13615 болып тіркелді

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағы 7) тармақшасына с ә й к е с , **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу және олардың күшін жою қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б Қазанғап):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын ;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

министрінің міндетін атқарушы Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 17 наурызда
№ 281 бұйрығымен
бекітілген

Объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу және олардың күшін жою қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу және олардың күшін жою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі- Заң) 5-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу және олардың күшін жою тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) объектілік сәйкестендіргіштің қазақстандық сегменті – жеке және заңды тұлғалар атына объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу және жою үшін ISO/IEC JTC1/SC6/WG9 Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымымен/Халықаралық Электротехникалық Комиссиясымен бөлінген, объектілік сәйкестендіргіштің халықаралық дарағының тармағы {iso(1)member-body(2)kz(398)};

3) объект – электрондық құжатайналым үшін жеке және заңды тұлғалармен қолданылатын алгоритм, ақпараттық жүйе, сондай-ақ басқа элементтер;

4) объектілік сәйкестендіргіш (бұдан әрі – ОС) – объектімен байланысқан және объектілердің әлемдік адрестік кеңістігінде ауыстырмай сәйкестендіретін цифрлардың бірегей жиынтығы;

5) ОС тармағы – ОС халықаралық дарағы құрылымының бөлігі;

6) ОС тіркеу – ОС объектіге беру және оны объектілік сәйкестендіргіштің қазақстандық сегментіне қосу;

7) өтініш беруші – ОС тіркеуге қайта тіркеуге құжаттарды ұсынған жеке немесе
з а ң д ы т ұ л ғ а ;

8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық
н ы ш а н д а р ж и ы н т ы ғ ы ;

9) эмитент – сәйкес ОС бар жаңа (қосымша) объектіні құруын бастамашылық ететін
с у б ь е к т ;

3. Уәкілетті орган ОС тармақтардан тұратын, иерархия бойынша {iso(1) member-body(2)kz(398)} тармағынан бір саты төмен орналасқан қазақстандық сегментінің келесі құрылымына сәйкес ОС тіркейді, қайта тәркейді және жояды:

- 1) 1.2.398.1 – байланыс операторы;
- 2) 1.2.398.2 – бағдарламалық қамтамасыз етуінің әзірлеушілері;
- 3) 1.2.398.3 – куәландыру орталықтары;
- 4) 1.2.398.4 – екінші деңгейлі банктер;
- 5) 1.2.398.5 – мемлекеттік органдар;
- 6) 1.2.398.6 – басқа ұйымдар;
- 7) 1.2.398.7 – ақпараттық жүйелер.

4. ОС тіркегеннен кейін, өтініш беруші эмитент мәртебесін алады және бұдан былай өзінің ОС тармағынан төмен қосымша ОС құруын бастамашылық ете алады. Эмитент өзінің ОС тармағынан төмен қосымша ОС тіркеу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштердің тармағын тіркеуге және (немесе) қайта тіркеуге
ө т і н і ш т і ұ с ы н а д ы .

5. ОС қайта тіркеу ОС өзгеру жағдайында жүзеге асырылады.

2. Объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу тәртібі

6. ОС тіркеу және (немесе) қайта тіркеу үшін өтініш беруші уәкілетті органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеуге және (немесе) қайта тіркеуге өтінішті (бұдан әрі – өтініш) ұсынады;

7. ОС тіркеу және (немесе) қайта тіркеу уәкілетті органмен өтініш түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

8. ОС қазақстандық сегментіндегі ОС-ны тіркегеннен және (немесе) қайта тіркегеннен кейін ОС өтініш берушісіне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектілік сәйкестендірулерді беру туралы куәлік беріледі.

9. Уәкілетті орган мынадай жағдайда, егер:

1) өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес келмейтін нысан бойынша
ө т і н і ш б е р с е ;

2) өтініш беруші анық емес мәліметтерді ұсынса;

3) ОС, ОС тармағында болса, басқа эмитент атына тіркелген болса ОС тіркеуден
және (немесе) қайта тіркеуден бас тартады.

10. ОС-ны тіркеуден және (немесе) қайта тіркеуден бас тартқан жағдайда, уәкілетті
орган ОС өтініш берушісі өтінішті тапсырған күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде
өтініш берушіні хабарландырады.

11. www.root.gov.kz интернет-ресурсына ОС қазақстандық сегментіндегі тіркелген
ОС туралы мәліметтер тізімі орналастырылады.

3. Объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштерді жою тәртібі

12. ОС жою уәкілетті органмен эмитент атына тіркелген ОС осы Қағидаларға 3-
қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектілік сәйкестендіргіштерді жою туралы
өтініштің негізінде эмитент талабы бойынша жүзеге асырылады.

13. ОС жою эмитентпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша
объектілік сәйкестендіргіштерді жою туралы өтінішті тапсыру күнінен бастап 5 (бес)
күні ішінде жүзеге асырылады.

14. Уәкілетті орган мынадай жағдайда, егер:

1) эмитент осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес келмейтін нысан бойынша өтініш
б е р с е ;

2) эмитент анық емес мәліметтерді ұсынса ОС жоюдан бас тартады.

15. ОС жоюдан бас тартқан жағдайда, уәкілетті орган өтінішті тапсырған күнінен
бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде эмитентке жазбаша дәлелді жауап жібереді.

Объектілік сәйкестендіргіштердің
қазақстандық сегментіндегі объектілік
сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта
тіркеу және олардың күшін жою
қағидаларына 1-қосымша
Нысан

Объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштер тармағын тіркеуге және (немесе) қайта тіркеуге өтініш

Өтініш беруші: _____

Заңды мекенжайы: _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі): _____

Өтініш берушінің _____ деңгейдегі _____
негізгі сәйкестендіргіші:

Сізден объектілік сәйкестендіргіштердің мынадай объектілік
сәйкестендіру тармақтарын тіркеуді және(немесе) қайта тіркеуді
с ұ р а й м ы н :

Қолы _____

Тегі Аты Әкесінің аты
(б о л ғ а н к е з д е)

Күні 201__ ж. «__» _____

Мөр орны (болған кезде)
Объектілік сәйкестендіргіштердің
қазақстандық сегментіндегі объектілік
сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта
тіркеу және олардың күшін жою
қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік

№ _____

Осы куәлік

(Уәкілетті органның атауы)

Объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментін
(<http://www.oid-info.com/cgi-bin/display?oid=1.2.398&action=display>)
жүргізу құқығына сәйкес берілді

және «_____» жылғы «__» «_____» бастап

(Мемлекеттік органның, ұйымның немесе ақпараттық жүйенің атауы)

Объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментінде тіркелгенін
(қайта тіркелгенін) және

Мөр орны (болған кезде)

Объектілік сәйкестендіргіштердің
қазақстандық сегментіндегі объектілік
сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта
тіркеу және олардың күшін жою
қағидаларына 3-қосымша

Объектілік сәйкестендіргіштерді жою туралы өтініш

Жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі): _____

Teri:

АТЫ:

Әкесінің аты (болған кезде): _____

Ұйымның атауы: _____

Облыс атауы:

Қала: _____

Телефон: _____

Объектілік сәйкестендіргіштердің сәйкестендіру деректері:

[illegible]

ОС тіркелген және (немесе) қайта тіркелген күні: _____

Күні: 20 ж. « »

Жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның (жеке тұлға немесе заңды тұлға өкілінің) қолы _____

Мөр орны (болған кезде)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК